

«Бәйтерек» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорыны» АҚ мен
«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КеАҚ арасындағы
өзара ынтымақтастық туралы

МЕМОРАНДУМ

Талдықорған қ.

сәуір 2025 ж.

«Бәйтерек» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорыны» АҚ (бұдан әрі – «Қоғам»), Жарғы негізінде әрекет ететін **Басқарма Төрағасы Аимбетов Айдын Ақанұлы** өкілеттік ететін тарап ретінде бір жағынан, және **«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КеАҚ** (бұдан әрі – Университет), Жарғы негізінде әрекет ететін **Басқарма Төрағасы – Ректор Бөрібаев Ермек Әбілтайұлы** өкілеттік ететін тарап ретінде екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, өзара тиімді және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамытуға ұмтыла отырып, білім беру, ғылым, инновация және білікті кадрлар даярлау салаларында күш-жігерді біріктіру және серіктестік қатынастарды дамыту мақсатында осы **өзара ынтымақтастық туралы Меморандумды** (бұдан әрі – «Меморандум») жасасты:

1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ САЛАЛАРЫ

1.1. Осы Меморандум Қоғам мен Университет арасында кәсіби білім беру, ғылыми зерттеулер мен технологиялық бастамаларды дамытуға өзара құрмет, сенім және мүдделестік қағидаттарына негізделген стратегиялық әріптестікті орнатуға бағытталған.

1.2. Меморандумның мәні – жастар арасында инженерлік және техникалық мамандықтарды насихаттау, студенттердің тәжірибеге бағытталған даярлығын арттыру, түлектердің жұмысқа орналасуына және жас мамандарды экономиканың басым салаларына тартуға жәрдемдесу, өндірістік нысандарға танымдық сапарлар ұйымдастыру, ақпараттық-ағартушылық іс-шаралар өткізу, тәжірибе, әдістемелік және сараптамалық қолдау алмасу, жоғары технологиялық өндірістердің қажеттіліктеріне бейімделген білім беру бағдарламаларын дамыту, адами капиталды дамытуға бағытталған әлеуметтік және ғылыми-зерттеу жобаларын бірлесіп жүзеге асыру болып табылады.

1.3. Осы Меморандум шеңберіндегі ынтымақтастық Тараптардың келісімі бойынша, бірлесіп мақұлданған жоспарлар, жол карталары, іс-шаралар күнтізбелері, сондай-ақ қажет болған жағдайда, жекелеген шарттар мен келісімдер негізінде жүзеге асырылады.

2. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЫСАНДАРЫ

2.1. Осы Меморандум шеңберіндегі Тараптардың ынтымақтастығы әртүрлі нысандарда жүзеге асырылады, оның ішінде: бірлескен кездесулер, дөңгелек үстелдер, форумдар, мастер-класстар, презентациялар және басқа

да ақпараттық-ағартушылық іс-шараларды өткізу; Университет студенттерінің Қоғам нысандарында өндірістік, таныстыру және диплом алдындағы тәжірибелерін ұйымдастыру; Университет студенттері мен оқытушыларының Қоғам мен оның серіктестерінің өндірістік кәсіпорындарына таныстыру сапарларын ұйымдастыру; дуальді және жобалық оқыту қоса алғанда, бірлескен білім беру және ғылыми бағдарламаларды іске асыру; жастардың кәсіби бағдарын айқындауға және инженерлік-техникалық мамандықтарды насихаттауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.

2.2. Ынтымақтастық нысандарын кеңейту Тараптардың келісімі бойынша, осы Меморандумға енгізілетін толықтырулар не болмаса жекелеген келісімдер негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Қоғам келісілген ынтымақтастық бағыттары шеңберінде Университет өткізетін іс-шараларды ұйымдастыруға жәрдемдесуді, инженерлік-техникалық және өндірістік бағыттар бойынша сараптамалық және кеңестік қолдау көрсетуді, сондай-ақ мүмкіндігі болған жағдайда және келісім бойынша бірлескен іс-шараларды жүзеге асыру үшін жабдықтар, үй-жайлар мен өзге де ресурстар ұсынуды өз міндетіне алады. Сонымен қатар, Қоғам Университеттің білім беру және ғылыми бастамаларға қатысу жөніндегі ұсыныстарын қарастырады.

3.2. Университет Қоғам ұйымдастыратын тәжірибеден өту, таныстыру сапарлары және өзге де іс-шараларға студенттерді жіберуді, бірлескен іс-шаралар мен жобаларға профессорлық-оқытушылық құрамның қатысуын қамтамасыз етуді, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру кезінде Қоғамның ұсынымдары мен ұсыныстарын ескеруді, бірлескен іс-шараларды өткізу үшін қажетті жағдайлармен (аудиториялар, техникалық құралдар және ақпараттық қолдау) қамтамасыз етуді, сондай-ақ жүзеге асырылатын бірлескен бастамалар туралы студенттер мен оқытушыларға кеңінен ақпарат таратуды өз міндетіне алады.

3.3. Тараптар бірлескен іс-шаралар мен жобаларды іске асыру үшін қажетті ақпаратпен алмасуды, осы Меморандумды орындау барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтауды, сондай-ақ, егер жекелеген келісімдермен өзгеше көзделмесе, бірлескен іс-шараларға қатысуға байланысты шығындарды өздері өтеуді міндеттенеді.

4. ІС-ӘРЕКЕТ МЕРЗІМІ МЕН ІСКЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

4.1. Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және үш (3) жыл мерзімге дейін әрекет етеді.

4.2. Тараптар өзара келісім бойынша осы Меморандумның әрекет ету мерзімін тиісті қосымша келісімге қол қою арқылы ұзартуға құқылы.

4.3. Меморандумда көзделген іс-шаралар мен бастамаларды іске асыру Тараптар бірлесіп әзірлейтін және бекітетін жыл сайынғы іс-шаралар жоспарлары (жол карталары) негізінде жүзеге асырылады.

4.4. Материалдық, ұйымдастырушылық немесе өзге де қамтамасыз етуді талап ететін барлық нақты іс-шаралар, жобалар және өзара әрекеттестіктің өзге де нысандары осы Меморандум шеңберінде жасалатын жекелеген шарттар немесе келісімдер арқылы ресімделуі мүмкін.

5. БАСҚА ШАРТТАР

5.1. Осы Меморандум қаржылық міндеттемелерді туындататын шарт болып табылмайды және жекелеген келісімдерде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, тараптардың құқықтарды, мүлікті немесе ақшалай қаражатты беруге қатысты міндеттемелерін туғызбайды.

5.2. Осы Меморандумды орындауға байланысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар келіссөздер арқылы шешеді.

5.3. Осы Меморандумға енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделіп, Тараптардың екеуі де қол қоюы тиіс.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Меморандум қазақ және орыс тілдерінде төрт данада жасалды, әр төрт нұсқасы да бірдей заңды күшке ие. Әрбір Тарап екі данадан алады.

6.2. Осы Меморандумға қол қою арқылы Тараптар ұзақ мерзімді, өзара тиімді және сындарлы ынтымақтастықты дамытуға мүдделі екендігін растайды.

ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛТАҢБАЛАРЫ

**«Бәйтерек» Қазақстан-Ресей
бірлескен кәсіпорыны» АҚ
Басқарма Төрағасы**



Аимбетов Айдын Ақанұлы

**«Ілияс Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректор**



Бөрібаев Ермек Әбілтайұлы